

Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округі Қырғауылды ауылының көшелеріне атау беру

Алматы облысы Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 26 маусымдағы № 162 өкімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Райымбек ауылдық округі Қырғауылды ауылының халқының пікірін ескере отырып және 2025 жылғы 11 маусымдағы Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округінің әкімі ӨКІМ ЕТЕДІ:

1. Райымбек ауылдық округінің Қырғауылды ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Қырғауылды ауылының оңтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Алтынемел", екінші көшеге "Ақтоғай", үшінші көшеге "Қарағайлы", төртінші көшеге "Бақанас", бесінші көшеге "Зеренді", алтыншы көшеге "Есік", жетінші көшеге "Көксу", сегізінші көшеге "Шағала", тоғызыншы көшеге "Түрген", оныншы көшеге "Үштөбе";

2) Қырғауылды ауылының оңтүстігінде орналасқан он бірінші көшеге "Жасыбай", он екінші көшеге "Ойыл", он үшінші көшеге "Шаған", он төртінші көшеге "Шалқар", он бесінші көшеге "Шеңгелді", он алтыншы көшеге "Шетпе", он жетінші көшеге "Шілікті", он сегізінші көшеге "Шоқпартас", он тоғызыншы көшеге "Шөлтөбе", жиырмамыншы көшеге "Шұбар";

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімінің м.а.

К. Кожахметов